

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Мойынқұм ауданының
білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы» МКҚК**

2022-2023 оқу жылында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-
шаралар жоспарына сәйкес отырысының

№ 5 ХАТТАМАСЫ

Биназар ауылы

12.12.2022 жыл

Төрайым: Б.Б.Ташмағанбетова

Хатшы - Т.Г.Имашева

Қатысқандар: бөбекжай-бақша қызметкерлері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

«Қауіпсіз жаңа жыл» бөбекжай-бақша қызметкерлеріне нұсқама беру туралы

ТЫНДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі қаралған мәселе бойынша «Қауіпсіз жаңа жыл» тақырыбында шаруашылық меңгерушісі Ж.Сейсебекованың нұсқама беру туралы.

Сөз сөйледі: Шаруашылық меңгерушісі Ж.Сейсебекова сөз алып жаңа жыл мейрамы жақындап келеді. Жаңа жылдық мерекелер - балалар мен ересектер үшін тамаша уақыт. Әр үйде әдемі шырша орнатылып, безендірілген. Бұл күндер бақытсыздыққа ұшырамауы үшін өрт қауіпсіздігі шараларын сақтауға ерекше назар аудару қажет. Электр сымдарының қысқаша тұйықталуына жол бермеу мақсатында электр сымдарының жалғанған жерлерін ереже талапқа сай оқшаулау керек. Отшашуларды тек арнайы мамандардың бақылауымен ғана қолдану қажет. Мерекелік іс-шара өтетін орындарда алғашқы өрт сөндіру құралдарына қарау жүргізіп, жарамдылығын тексеріп, ғимараттың автоматты өрт дабылы кондырғыларының жарамдылығы мен эвакуациялық жолдарының ашық болуын қамтамасыз ету қажет. Мерекелік іс-шараларды өткізу орындарының басшылары мен жауапты қызметкерлерінен мерекелік іс-шара өтетін орындарда өрт қауіпсіздігі шараларын қатаң сақтауды сұраймыз. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында балалардың пиротехникалық бұйымдарды сатып алуына жол бермеу керектігін ата-аналар назарда ұстаса. Пиротехникалық бұйымдарды пайдалану барысында мыналарға қатаң тыйым салынады:

Тұтандырылған пиротехникалық бұйымдарды қолда ұстауға; Тұтанған және жанып болған, сонымен қатар тұтанбай қалған жағдайда пиротехникалық бұйымдарды еңкейіп қарауға; Пиротехникалық бұйымдарды бөлме ішінде пайдалануға;

Пиротехникалық бұйымдарды қауіпті аумақ радиусынан кем емес қашықтықта, ғимараттардың, ағаштардың, электр беру желілерінің қасында пайдалануға;

Пиротехникалық бұйымдарды пайдалану кезінде адамдар тұрған жаққа және олар келіп қалуы мүмкін аймаққа қарай бағыттауға;

Пиротехникалық бұйымдарды қолдан сатып алуға, олардың қаптамалары зақымдалған және сақтау мерзімі өтіп кеткен болса пайдалуға тыйым салынады; Әрбір пайдаланылатын пиротехникалық бұйымның сәйкес келетін сертификаты және қолдану бойынша нұсқаулығы болуы тиіс.

Пиротехникалық өнімдерді тек арнайы дүкендер мен жабдықталған орындарда сақтауға рұқсат етіледі. Арнайы сертификаттау талаптары бұзылған пиротехникалық өнімдерді сатуға және пайдалануға тыйым салынады.

Төтенше жағдайлар орын жағдай орын алған жағдайда «101», «112» құтқару қызметіне телефон шалыңыз.

ШЕШІМ ЕТТІ: «Қауіпсіз жаңа жыл» тақырыбында бөбекжай-бақша қызметкерлеріне нұсқама берілсін.Өрт қауіпсіздік шаралары үнемі назарға алынсын.

Меңгеруші:



Б.Б.Ташмағанбетова

Хатшы:

Г.Имашева

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ МЕРЕКЕЛЕР КЕЗІНДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Эвакуациялау жолдарында
шыршаны орналастыруға
тыйым салынады

ВЫХОД



Электр гирляндларының
сертификаты болуы тиіс



Шыршаны безендіру кезінде
мақтаны, майшамдарды, қағазды
қолдануға тыйым салынады



Шырша бекем тіреуіште
тұруы қажет



Шыршаны жылыту аспаптарының
жанында орнатуға тыйым салынады



- * Балаларды қараусыз қалдырма
- * Үй-жайларда ашық отты
қолданбаңыз
- * Электр желісін аса көп жүктем
- * Мереке күндері қырағылықты
жоғалтпаңыз